

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Күні: 16 қаңтар, 2026 жыл

Өткізілген орны: мектеп мәжіліс залы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, ата-аналар

Шымкент, ПД Әл-Фараби АПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Х.И.Юсупов

Жиналыс тақырыбы: «Мектеп – оқушы, ата-аналар»

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.«Буллинг, кибербуллингтің алдын алу» ата-аналарға арналған тренинг.
- 2.Сыныптардың ІІ тоқсан бойынша үлгерім есебі.
- 3.Оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету және қадағалау.
- 4.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылған жартыжылдық есеп.
- 5.Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры Р.Арғынбай алып күн тәртібімен таныстырды.

1-мәселе бойынша:

Педагог-психолог Ұ. Жаппар «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында ата-аналарға арналған тренинг өткізді. Тренинг барысында буллингтің түрлері, оның психологиялық салдары, алдын алу жолдары түсіндірілді. Ата-аналарға бала мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудару, сенімді қарым-қатынас орнату, мектеппен бірлесіп әрекет ету жөнінде ұсыныстар берілді.

2-мәселе бойынша:

ДОЖЖО Р. Байбатша ІІ тоқсан қорытындысы бойынша сыныптардың үлгерім есебін таныстырды. Білім сапасы көрсеткіштері талданып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

3-мәселе бойынша:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А. Исмайлова оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мәселесіне кеңінен тоқталды. Мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, тағамдардың сапасы мен құнарлылығы, азық-түлік өнімдерінің мерзімі мен сақталу жағдайы қатаң бақылауда екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, оқушыларды ыстық тамақпен толық қамту, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыру мәселелері де қарастырылды. Асхана қызметкерлерінің жауапкершілігі, күнделікті ас мәзірінің талапқа сай жасалуы және медициналық тексерістердің уақытылы жүргізілуі туралы мәлімет берілді.

Ата-аналар тарапынан тамақ сапасын жақсарту, ас мәзірін әртараптандыру бойынша ұсыныстар айтылып, мектеп әкімшілігі тарапынан бұл ұсыныстар

ескерілетіні жеткізілді. Сонымен қатар, асхана жұмысына бақылау жүргізу жүйелі түрде жалғасатыны және ата-аналар комитетімен бірлескен тексерулер ұйымдастырылатыны атап өтілді.

4-мәселе бойынша:

Мектеп әкімшілігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Есеп барысында тәрбие жұмысының негізгі бағыттары – патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық, еңбек, экологиялық және отбасылық тәрбие бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар таныстырылды.

Атап айтқанда, мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған тәрбие сағаттары, мәдени-көпшілік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы кездесулер мен түсіндіру жұмыстарының нәтижелері баяндалды. Оқушылардың қоғамдық белсенділігі, тәртіп деңгейі және мектеп өміріне қатысу көрсеткіштері де талқыланды.

Сонымен қатар, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын жоспарлы жүргізуі, ата-аналармен байланыс орнатуы, оқушылардың тұлғалық дамуына бағытталған жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді. Алдағы кезеңде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру, тәрбиелік іс-шаралардың сапасын арттыру және оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған жаңа жобаларды енгізу қажеттігі айтылды.

Жиын барысында ата-аналар тарапынан пікірлер мен ұсыныстар тыңдалып, оларды алдағы жұмыстарда ескеру көзделді.


5-мәселе бойынша:

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар қаралып, тиісті жауаптар берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
2. Оқу үлгерімін арттыру мақсатында ата-аналар мен сынып жетекшілердің бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
3. Оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын бақылау тұрақты түрде жүргізілсін.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүйелі түрде іске асырылсын.
5. Ата-аналар мектеппен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



Р.Е. Арғынбай
А.Құрманай